

А.Н.Ғалиева, Г.Б.Ахметова

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған
(E-mail: nurai_gali@mail.ru)*

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру

Мақалада оқу-тәрбие үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмыстары қарастырылған. Авторлар зерттеу жұмысында экология жайында алғашқы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру жолдарын сипаттаған. Жұмыс түрлері балабақша бағдарламасына сай жоспарланған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі экологиялық тәрбие беру жұмыстарында пәнаралық байланыстың (дүниетану, бейнелеу өнері, тіл дамыту және музыка) тиімділігі көрсетілген. Кешенді сабақ түрлерін ұтымды жақтары талданды. Зерттеу барысында Талдықорған қаласының № 42 балабақшасы негізінде жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік сабақтар сипатталған.

Кілт сөздер: экология, балабақша, тәрбие, табиғат, экологиялық тәрбие, қызығушылық, әдіс-тәсілдер, пәнаралық байланыс, оқу-тәрбие үрдісі, эксперимент.

Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде.

Табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Айнала бізді қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бойындағы бар байлықты адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту мәселесін ойдағыдай шешу — бүгінде бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында тұрған ортақ міндет. Өйткені бүкіл Жер планетасы, айналадағы табиғи орта адамзат үшін ортақ. Бұл абыройлы міндетті бұлжытпай алға алып барушылар — еңбектің қадірін, еңбек өнімділігін арттырудағы табиғат байлығының рөлін толығынан түсіне білетін жастар. Сондықтан халқымыздың, әсіресе жастардың экологияға деген көзқарасын өзгерту шешуші фактор болып табылады. Бұл орайда педагогикалық мәселелер алғы шептен орын алады, өйткені өсіп келе жатқан жас ұрпақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектеп қабырғасында жүріп табиғат, оның адамзат үшін пайдасы туралы, айналадағы табиғи ортаны көздің қарашығындай сақтау және онымен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы мақсатты түрде ең алғаш рет ғылыми мағлұмат алады. Міне, сондықтан балабақшадан бастап балаларға экологиялық тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Табиғатты қорғау жұмыстарын жақсарту мақсатында экологиялық бағдарламаны әрі қарай жетілдіру көзделуде. Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін сақтау концепциясы», «Экологиялық білім бағдарламасы» шықты.

Тәрбиенің қай саласы болса да негізінен ол балаларға, жасөспірімдерге арналады. Ал оларды табиғатты сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу экологиялық тәрбие жүргізу арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ұсынылатын материалдарда балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық физиологиялық қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп, оны тәрбие процесінде тиімді пайдаланған дұрыс. Балалардың отбасында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қызығушылығы, оларды сырттай бақылауы, өсімдіктерді басып-жаншып сындырмау, өзен-көл суларын ластамау, қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға ғана тән табиғат қорғау іс-әрекеттерінің ата-аналардың ықпалымен жүргізілуі балалық шақтан дағдыға айналып, күнделікті өмірде орындауға тиісті міндеттерге айналуына мүмкіндік туғызады.

Балаға табиғаттың негізгі ерекшеліктерін, әр жыл мезгіліне байланысты қоршаған ортада, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде болып жататын сан алуан өзгерістер мен құбылыстарды көрсету, сезіндіру, байқату барысында баланы дамыту мақсаты көзделеді. Тіпті, балалармен жүргізілетін барлық педагогикалық процестер, ақыл-ойын, тілін дамытуда пайдаланылатын ойындар, жұмбақ-мысалдар, әңгімелер, қолданылатын көрнекі құралдар мен ойыншықтар болсын, бәрі-бәрі табиғаттың жемісі екендігін ғалымдар әрқашан мойындаған.

Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің мақсаты — табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі балаларға табиғат жайлы білім беру мәселесімен А.П. Усова, Н.Н. Поддъяков, Н.Ф. Виноградовалар өздерінің ғылыми зерттеулерінде көтереді.

А.П. Усова балаға табиғат туралы ұғым беру ісін екі теорияға бөліп қарады, біріншісі — қарапайым, яғни балаға білім арнайы оқытусыз күнделікті ойын, еңбек іс-әрекеттерінде бақылау арқылы жүргізіледі. Екіншісі — балаға күрделі ұғым тек арнайы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде, сабақ кезінде ғана беріледі және екеуі де бір-бірімен байланысты жүргізілуі керек. Бұлайша берілген білім нақты жүйелендірілген, бала ұғымына сай келетін табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін, жыл мезгілдеріне байланысты адамдар өмірінде болатын өзгерістер мен олардың іс-әрекеті жайында, шынайы түсінікті қамтыған жағдайда ғана нәтижелі болады деп көрсеткен [1]. «Умственное воспитание детей в процессе ознакомления с природой» атты еңбегінде Н.Ф. Виноградова баланың ақыл-ойын, тілін дамыту мәселесіне өте үлкен мән берген. Ол мектеп жасына дейінгі баланың ойының және тілінің дамуы қоршаған ортаны табиғатты қабылдауына, бала тілінің жетілгендігі ақыл-ойдың даму нәтижесінен туындайды және тіл мен ой байланысты деген. Сондықтан да балабақшада тіл дамыту ісін табиғатпен таныстырумен байланыстырып бақылау, серуен, топсеруен кездерінде жүзеге асыруды ұсынды [2].

Н.Н.Поддъяковтың психологиялық зерттелуінде баланың логикалық ойының дамуы заттар мен табиғи құбылыстарды тікелей ұстау, сезіну, көру әрекетіне байланысты екендігі көрсетілген. Баланың мектепке жүйелі білім алуға жан-жақты әзір болуы үшін, психолог-ғалымдардың пікірінше, оның сөздік қоры, сөйлем құру мүмкіндігі, сапалы ойлау қабілеті дамыған, нақтырақ айтқанда, логикалық ойлану дағдысы жетіле бастаған болуы керек. Мұндай қабілеттердің біртіндеп қалыптасуына мүмкіндік беретін жағдайлардың бірі — балаларға өзін қоршаған орта, табиғи заттар мен құбылыстар туралы ғылыми ұғым беру деп көрсетеді [3]. Атақты психолог Л.С.Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде де баланы мектепке даярлау мәселесіне ерекше назар аударған. 5–6 жаста балалар табиғаттағы заттардың қайдан, қалай пайда болғандығына қызықтай қарап, олардың өсіп, дамуы жөнінде алған білімдері мен өздігінше бақылағандарын байланыстыра ой қорытындыларын жасауға тырысады. Себебі, бұл шақта баланың көрнекі-бейнелік ойлау қабілеті жетіліп, логикалық ойдың алғашқы элементтері қалыптаса бастайды. Бала жеке заттарды және табиғат құбылыстарын біліп қана қоймай, олардың себептерін түсінуге тырысып, үлкендерге жиі сұрақтар қояды, дейді [4].

Республикамызда балалардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлген ғалымдардың бірі Қ. Аймағамбетова болды. Оның 6 жасар және төменгі сынып балаларына арналған «Айналадағы дүниемен таныстыру», «Табиғат тануды оқыту және бала тәрбиесі» және тағы да басқа еңбектерінде сәбиді айналадағы дүниемен таныстыру, оларға өзін қоршаған табиғат құбылыстары туралы алғашқы ғылыми ұғым беру жолдарын қарастырған [5].

Біздің қарастырып отырған мақаламыздың мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай отырып, адам, табиғат, қоғамның біртұтастығы, өзара байланысы жайында қарапайым дүниетанымдық көзқарастары кеңейту болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие мәселелерін зерттеу мақсатында Талдықорған қаласының № 42 балабақшасында эксперимент жұмысы жүргізілді. Зерттеу жұмысымызда экологиялық тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда тиімді әдістер талқыланды [6]. Жұмыс балабақша бағдарлама талабына сай жоспарланып, табиғатпен таныстыруды, оны ашық аспан аясында бақылау, сабақ, серуен, саяхат, табиғаттағы еңбек үрдісінде жүзеге асыруды және тәрбиенің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиесі мен халықтық педагогиканы пайдалана отырып жүргізілді.

Жұмыс барысында балалардың дамуындағы жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балабақша тәрбиешілері алдына мына міндеттер қойылды:

- табиғат құбылыстарының маусымдық өзгерістерін бақылату;
- көркем шығармаларды талдау, халық ауыз әдебиетін қолдана білу;
- проблемалық жағдаяттар туғызу, оларды тәжірибе жүргізу арқылы өздеріне қорытынды жасай білуге дағдыландыру.

Экологиялық тәрбие беру жұмыстарында пәнаралық байланысты (қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, еңбек, бейнелеу өнері мен музыкалық шығармаларды) пайдалана отырып, кешенді сабақ

түрлері ұйымдастырылды. Экологиялық тәрбие мазмұнының сабақтастыққа негізделген жүйесі құрылып, мектеп жасына дейінгі балаларының жас ерекшеліктеріне байланысты меңгерілетін экологиялық материалдар сұрыпталды. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу үшін оқу-тәрбие жұмыстарында дидактикалық әдістерді: экологиялық ертегілер, экологиялық жұмбақтар, экологиялық ойындар, экологиялық тақырыптағы мақал-мәтел мен жаңылтпаштар, экологиялық ертегілерді құрастыру, әңгіме-кеңестер өткізілді.

Қоршаған ортамен таныстыру бағытындағы экологиялық тәрбие беру жұмысы еңбек тәрбиесімен байланыстыра жүргізілді. Мысалы, өсімдіктерге су құйып, жапырағындағы шаңын сүрту, құстарға жем шашып, торларды тазалау балаларды еңбекке машықтандыруға көмектеседі. Күнделікті табиғат бұрышындағы еңбек түрлерін бақылауы еңбектің жеңіл түрлерімен айналысуы табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастырды, өсімдікті жұлмау, құстарды қорғау сияқты жағымды іс-әрекеттерге баулып, оларға деген аялы сезімдерін дамытты. Халық педагогикасындағы «Құстардың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба», «Аққуды атпа», «Жалғыз ағашты кеспе», «Суға түкірме» деген сөздер балаларды шынайы болмыс сырын түсініп-түйсінуге, өсіп-өнген және тіршілік етер қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға, тіршілікке қастандық жасамауға баулиды.

Экологиялық тәрбие — бұл тек «жұлуға болмайды», «ластауға болмайды» деген жалаң ұран, үндеу тастау немесе тәртіпке шақыру ғана емес, сонымен бірге не себепті олай етуге болмайтындығын түсіндірумен байланысты жүзеге асты.

Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады. Қоршаған дүниемен таныстыру мектеп жасына дейінгі баланың сезіміне әсер етіп, оның тілін дамытуға жағдай жасап, айналадағы өмірді, табиғат құбылыстарын бағдарлап сінуге мүмкіндік туғызады. Мектеп жасына дейінгі баланың өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар жөнінде, ол заттардың өсу, даму ерекшелігі, өзара айналасы жөнінде өздігінен ой қорытындыларын жасап, басқаларға түсіндіруге әрекеттенушілігі басым болады. 5–7 жастағы баланың көрнекті, образды ойлау қабілеттілігі басым болатыны белгілі.

Баланың қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан алатын білімі, меңгеретін дағдысы экологиялық тәрбие берудің алғашқы негізі болмақ. Тәрбиеші мақсат қоя ұйымдастырылған іс-әрекеттері (ойын, топсаяхат, бақылау, серуен т.б.) арқылы мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған орта жайында алғашқы мағлұматтар алып, айналасындағыны байқап, қызығушылықпен қарап, оны әңгімелеп айтып беруге талпынады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала — қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады.

Педагогикалық эксперимент жұмысымызда байқағанымыздай, серуен кезінде ұйымдастырылатын бақылау үлгілері тәрбиешіге баланы қоршаған ортамен таныстыруға көмектесті.

Балабақшадағы серуен күн тәртібінің бір бөлігі болып табылады. Ол негізгі бес бөлімнен тұрады: бақылау, жеке жұмыс, қимылды ойын, табиғаттағы еңбек және дербес (еркін) ойындар. Бес бөлім бірін-бірі толықтырады. Серуен арқылы балаға айнала қоршаған орта туралы толық мағлұмат беруге болады. Бала ауа райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып, білімін жетілдіреді, өзі үшін жаңалық ашады.

Табиғатпен байланыс, ойластырылған байқауларды, серуендерді, әңгімелерді ұйымдастыру — экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қою мен қажетті нәтижені алудың бастамасы ретінде аса жауапкершілікпен қарастырылды. Жеңілден ауырға қарай іс-әрекеттерінің мәселелерін аңғартып, кез келген құбылыстардың барлық қиындықтары мен көпқырлылығын көрсетуге тырыстық.

Серуендерді өткізгенде дидактикалық, қозғалыс, танымдық, сюжеттік ойындарға көңіл бөлініп отырды.

Бақылау — мектеп жасына дейінгі балаларды табиғат құбылыстарымен таныстырудың жетекші әдісі, сонымен бірге тәрбиеші басшылық жасайтын табиғатты танудың негізгі құралы. Мектеп жасына дейінгі баланың қабылдауы, көру, есту, иіскеу, тыңдау, сезу сияқты танымдық процестер

көмегімен жүзеге асады. Бақылау арқылы қабылдау сөзді белсенді пайдалануға негіз болып, оның ойлау, ой қорыту үрдісімен жалғасады.

Объектіге және мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне байланысты бақылау қысқа (ұзақтығы бірнеше минут) және ұзақ (бірнеше күн немесе тіпті апта бойына) болуы мүмкін. Біз жұмысымызда табиғат құбылыстарына бақылау жасау кезінде, әсіресе табиғатта болып және байқап көруге мүмкіндік туғызатын құбылыстарды бақылауды таңдадық (сүңгі, көктайғақ, нажағай т.б.). Осы арқылы бірінші кезекте баланың танымдық қабылдауын жүзеге асыру қарастырылды. «Көктайғақ қалай пайда болды?», «Оның адам өмірінде қандай қауіпі бар?» т.б. сұрақтар арқылы олардың дұрыс қабылдауы жүзеге асырылды. Бақылау ізденістік сипатқа ие болды, балалар құбылыстың себебін табуға тырысуды, салыстыруға, қорытынды жасауға төселеді.

Балалар зерттеушілік, ой пайымдау, салыстыру әрекеттеріне төселіп, сөз қолдануға тырысады. Кейде бақыланатын құбылыс суреттегі бейнемен салыстырылады. Сондықтан балалардың назары олардың айырмашылықтарын белгілеумен бірге (қарлы боран, құмды боран) бірнеше құбылыстың ортақ белгілеріне (боран кезінде негізгі құбылыс желмен байланыс екендігі), әсіресе олардың елеулі жақтарына (жел) назар аударылып отырылады. Бақыланып отырған құбылысты салыстыруға тапсырма берілді. Сондай-ақ тек қиналған жағдайда ғана көмек көрсетіліп, салыстырылатын белгілерді анықтауда балаларға еркіндік берілді.

Бақылаудың нәтижелерін балалар өздерінің салған суреттерінде көрсете білді. Балалардың ойын жандандыруға, қорытынды жасай білуге, құбылыстарды, олардың себептерін айқындауға «Сен оны қалай білдің?» «ойынды дәлелде» деген т.б. сұрақтар мен тапсырмалар берілді.

Бақылаудың ерекше түрі — эксперимент. Ол арнайы жасалған жағдайларда ұйымдастырылады. Сабақтарда, серуен кезінде немесе табиғат бұрышында және балабақшаның жер учаскесінде балаларды жеңіл-желпі тәжірибелер жүргізуге тарту олардың бақылағыштығын дамытып, объектілерге және табиғат құбылыстарына белсенді де дұрыс қарым-қатынасын тәрбиелеуде зор мәні бар. Қарапайым тәжірибелердің көмегімен балаларға судың қатуын, қар мен мұздың суға айналуын, кемпіркосақтың жасалуын және басқаларды көрсетуге болады, мысалы, «Толқынның жасалуы». Легенге суды құйып, балаларға қолды суға салып, онымен жан-жаққа қозғауды ұсыну керек. Олардың назарын су толқынының қалай пайда болатынына аудару керек. Егер қолмен қаттырақ қозғалтса, толқынның қозғалысы жылдамдайды.

Көктайғақ секілді құбылыстармен таныстыру кезінде көшедегі адамдардың, машиналардың жүрісіне бақылау жасалады. Мұз үстінде машинаны бірден тоқтатудың қиындығын балалар бақылау кезінде көріп білді. Мектептің жер учаскесіндегі жолдың бір бөлігіне су құйдық, ол мұз болып қатты. Содан соң балалар оның үстімен жүрудің қиын екенін, аяқ тайғанап, жығылып қалуға болатынын бақылады.

Тапсырмалар беруде алуан түрлі тәсілдерді пайдаланумен («Ойлан», «Салыстыр», «Айтып бер», «Есіңде сақта» т.б.) мектеп жасына дейінгі баланың бақылағаны туралы жүйелі түрде байланыстырып айтып беруге үйреттік.

Табиғаттың бір құбылысына бақылау ұйымдастыру және (мұз сүңгісінің және олардың еріп кетуі) соған тән өзгешеліктерді белгілеуді, салыстыруды, өзгерулерді анықтайтын жаңа белгілерді бөліп алуды, өлі табиғаттың бұл құбылысының не себепті адам өміріне қауіпті (сүмеленген мұз тұрған жерден жүруге болмайды) екенін жан-жақты қарап алуды ұсындық.

Бақылау жүргізу кезінде 5–7 жастағы логикалық ойлауын дамытуға көмектесетін түрлі тәсілдерді (салыстыруларды) пайдалануға болады. Бақылау жүргізіп жаттыққан балалар салыстыру тәсілін де меңгере біледі.

Ауаның серпімділігін, жеңілдігін дәлелдеу үшін допты, шарды үрлеп көрсету, доптың секіруі, ауа толған шардың, доптың суға батпайтындығы тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Проблемалық жағдаяттар балаларды өлі табиғат заттарымен: сумен, оның күйінің игеруімен (қату, қар және мұздың еруі, бұға айналуы); қатты денелермен (құм, мұз, тас); олардың қасиеттерімен; ауамен, оның қозғалысымен; желдің бағытымен және күшімен; электрлік және жарықтық құбылыстармен (электр шамының, кемпіркосақтың жасалуы, түрлі-түсті жолақтардың үлгісі мен орналасуы); магнитпен және оның қасиеттерімен таныстырдық.

«Судың қасиеті» тәжірибесі.

Балаларға стақандағы суды көруге ұсынамыз.

– Су қандай?

Енді балаларға суды шыны ыдысқа құйып, ыдыстағы су арқылы бір затты көруді ұсынамыз.

– Зат көріне ме?

Келесі кезекте суға бояу қосамыз.

– Су қандай түске боялды, енді зат көріне ме?

Суды матаға құямыз.

– Мата қандай болды?

Суды түрлі бокал, стакан, кесеге құямыз.

– Су құйылады. Су сұйық.

Суды үнемдеп пайдалану керек. Барлық тіршілік иелері суды қажет етеді. Адамдар, жануарлар, өсімдіктер, жәндіктердің бәрі де сусыз өмір сүре алмайтындығы түсіндірілді.

Салыстыру көмегімен заттардағы және құбылыстардағы ұқсас және ерекше белгілерді бөліп алуға, зерттелініп отырған объектілердің кейбір ортақ белгілерін табуға үйренеді. Мысалы, топырақ пен құмға су құю, су құйылған құммен ойнағанда, қолындағы құмның жабыспай түсіп қалуы, ал су құйылған топырақпен ойнағанда қолдың лай болып былғануы жөніндегі тәжірибе жүргізілді.

Мұндай сабақтарды ұйымдастыру кезінде өлі табиғат (ауа, су, жер т.с.с.) туралы ғылыми дұрыс ұғымдардың қалыптасуына мектеп жасына дейінгі баланың затты көріп қана қоймай, онымен тәжірибе жүзінде танысуы қамтамасыз етілді. Сол себепті әр сабақтың негізгі мақсатын жүзеге асыру барысында тәжірибе жасау оның нәтижелерін қорытып, ұғымдарын ретке келтіру жағына баса көңіл бөлінді. Қоршаған дүниені дұрыс түсіну үшін балаға қолайлы жағдайлар жасалынды. Олардың тәжірибе жасауы жаңа ұғымдар дамытудың бірден-бір бастау бұлағы болды.

Жыл мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту мақсатында көркем шығармалар пайдаланылды. Мысалы, көктем мезгіліндегі өзгерістерді түсіндіру мақсатында «Қоянның үйшігі» ертегісіне байланысты суретті сериялар пайдаланылып ертегімен таныстырдық, сюжетті-рөлдік және дидактикалық ойындар ұйымдастырылды. «Біз не білдік?» сұрағына балалар көктемде қар ериді, күн жылынатындығын айтты. Көктем мен күз мезгіліндегі ерекшеліктерді салыстыруда сурет сабағында альбоммен жұмыс жүргізілді. Балалар көктем мен күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесіп, альбомдағы үлгіге қарап, қоңыр қарандашпен ағаштың суретін бояп, жасыл және сары түспен жапырақтарын салды.

Зерттеу жұмысымызда эксперимент мектеп жасына дейінгі балаға тек жаңа білімді хабарлау кезінде ғана емес, бұрынғы білімдерін тұжырымдау барысында да қолданылды. Осының нәтижесінде бұрын мектеп жасына дейінгі баланың ескермеген заттың жаңа қасиеттері ендігі жерде ол бірінші қатарға шығады. Баланың әрбір құбылысты көрнекілік арқылы-ақ таратып, белгілерін анықтай алады.

Эксперимент жұмысымызды қорыта келе, экологиялық тәрбие беру мақсатындағы сабақтарды өткізгенде тәрбиеші көрсететін затты балалардың өздері сезінетіндей жағдай жасалды. Сонда ғана балалар сұрақтарға жауап қайтарып, өздігінен жасаған тәжірибелеріне сүйеніп, байқаған қасиеттерінің дұрыстығына көздерін жеткізді. Біз өткізген тәжірибелік сабақтар кезінде баланың ойын өрбіту мақсатымен үнемі проблемалық жағдаяттарға сүйеніп жасалып отырды. Бұл жағдайды олар өздерінде бұрыннан бар ұғымдарына әлі таныс емес құбылыстар мен заттарды, олардың ерекшеліктерін нақты қалпында қабылдады, қызықты педагогикалық жағдаяттарды шешуі табиғат құбылысының ерекшеліктеріне деген қызығушылықтарын арттырды.

Жұмыс барысында пайдаланылған көркем туындылар баланың тілін, қиялын дамытып, олардың өз ойларын бейнелеп жеткізе білуге әсер етті. Экологиялық тәрбие беруде кешенді сабақ формаларын пайдалану әдістемесінің тиімділігі дәлелденді.

Осы бағытта жүргізілген жұмыстар мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа жауапкершілік сезімдерін, экологиялық тәрбиелігін дамытуға мүмкіндік беретініне зерттеу жұмысымыздың барысында көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Усова А.П. Обучение в детском саду // Под ред. А.В. Запорожца. — М.: Просвещение, 1981. — 176 с., ил.
- 2 Виноградова Н.Ф. Окружающий мир: Учеб. пособие для 1-го класса. — М.: Просвещение, 2012. — 185 с.
- 3 Поддьяков Н.Н. Творчество и саморазвитие детей дошкольного возраста: Концептуальный аспект. — Волгоград: Перемена, 1995. — 28 с.
- 4 Выготский Л.С. Мышление и речь / Л.С.Выготский. — М.: Лабиринт, 2008. — 352 с.

5 Аймагамбетова Қ.А. Дүниетану. Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Алматыкітап, 2009. — 144 б., сур.

6 Активные методы обучения. Электронный курс. Международный институт развития «ЭкоПро», Образовательный портал «Мой университет». — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.moi-universitet.ru/>

А.Н.Галиева, Г.Б.Ахметова

Организация экологического воспитания детей дошкольного возраста

В статье рассмотрена организация экологического воспитания детей дошкольного возраста посредством выбора наиболее эффективных методов обучения в учебно-воспитательном процессе. Авторами проанализированы пути формирования элементарных экологических представлений. Все проводимые виды работ планировались в соответствии с программой детского сада. В учебно-воспитательном процессе выделены эффективные методы через межпредметную связь (окружающий мир, изобразительное искусство, развитие речи и музыка). Показана эффективность комплексных видов занятий. Описаны практические занятия, проведенные на базе детского сада № 42 г. Талдыкоргана.

A.N.Galiyeva, G.B.Akhmetova

Organization of environmental education of children of preschool age

The article deals with the organization of ecological education of preschool children by choosing the most effective teaching methods in the educational process. In the research the authors analyzed the way of formation of elementary environmental performance. All types of work carried out in accordance with the planned program of kindergarten. In the educational process marked by effective methods of interdisciplinary communication (the world, fine arts, speech and music). Showing the effectiveness of complex types of employment. We describe the experimental workshops held on the basis of the kindergarten № 42 Taldykorgan.

References

- 1 Usova A.P. *Education in kindergarten*, edit. A.V.Zaporozhets, Moscow: Prosveshchenie, 1981, 176 p.
- 2 Vinogradova N.F. *World around us. Ouch. Manual for 1st class*, Moscow: Prosveshchenie, 2012, 185 p.
- 3 Poddiakov N.N. *Creativity and self-development of preschool children: conceptual aspect*, Volgograd: Peremena, 1995, 28 p.
- 4 Vygotsky L.S. *Thought and Speech* / L.S.Vygotskiy, Moscow: Labyrinth, 2008, 352 p.
- 5 Aymagambetova K.A. *Knowledge of the world*, textbook for Class 17, Almaty: Almatykitap, 2009, 144 p.
- 6 *Active learning methods. E-course. International Institute for Development «EcoProm» Educational Portal «My university»*, [ER]. Access mode: <http://www.moi-universitet.ru/>